		2022 жылдың қараша айының 12 күні «Мен көшбасшымын» атты білім беру ұйымдарының мектеп және студенттер парламенттері көшбасшыларының қалалық слетіне мектеп президенті Дүйсенбай Арайлым қатысты. **Слеттің мақсаты:** азаматтық қоғамды дамытуда қоғамдық өзін-өзі басқару органдарын – мектеп және студенттік парламенттерді дамыту және нығайту, қарым-қатынас жасау және тәжірибе алмасу үшін алаң құру. Слет барысында қатысушылар өз жұмыстарымен бөлісіп, талқыға салды. Қатысушылар сертификатпен марапатталды.		

		 2022 жылдың қараша айының 25 күні «Күзгі бал 2022» мерекелік іс- шарасы өткізілді. **Мақсаты:** Күз туралы балалардың дүниетанымындарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау. Іс- шарада 8-9 сынып оқушылары бақ сынады. Оқушылар өз өнерлерімен бөлісіп, мерекені барынша түрлендірді. Күзгі балдың Ханзадасы мен Ханшайымы 9 «А» сынып оқушылары атанды. Мерекеге атсалысқан барлық оқушылар силықтармен және мадақтама қағаздарымен марапатталды.		

		 2022 жылдың қараша айының 29 күні «Біздің «ЖОҚ!» дегеніміз маңызды» атты қалалық әлеуметтік бастамалар жобасы аясында өткен жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен аудандық көрініс қою жарысында біздің «Жарқын болашақ» командасы өз бақтарын сынап, жүлделі III орынды жеңіп алды.		

2022 жылдың желтоқсанның 7 күні «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалына 5 «А» сынып оқушысы Есетов Алихан мен 9 «А» сынып оқушысы әрі парламент мүшесі Бейсенбай Ағзер қабылданды. Қоғамдық бірлестікке қабылдау іс-шарасы оқушылар сарайында ұйымдастырылып, жоғары дәрежеде аталып өтті.

		2022 жылдың желтоқсанның 28 күні «Жаңа жыл мерекесі» Мектебімізде жаңа жыл мерекесін толықтай парламент мүшелері өздері ұйымдастырды. Бастауыш және жоғарғы сынып оқушыларына арналып мерекелік іс шара өткізілді. Парламент мүшелері жаңа жылдық қойылым көрсетіп, концерттік бағдарлама ұсынды. Орта және жоғарғы сынып оқушыларына арнап кішігірім би алаңы да ұйымдастырылды. 2023 жылдың қаңтардың 10 күні «Жас ұлан-Жас қыран» ұйымын құрылды. Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық,беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. Мектебіміздің аға тәлімері Кенес А. Мен Елтай Ж. «Жас ұлан және Жас қыран» балалар ұйымын құру мақсатында іс-шара ұйымдастырды. Бұл ұйымға бастауыш сынып және үлкен сыныптар арасынан іріктелген оқу үлгерімі жақсы оқушылар қабылданды.Аталған іс - шараға мектебіміздің директоры Аширбекова М.С. мен		

		директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мұратбеков А.Т. қатысып балаларды ұйымға қабылдануымен құттықтап оларға галусток пен төс белгілерін табыстады. 2023 жылдың 21 ақпанында «Алғыс айту күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған қалалылық «Алтын жүрек» атты челленджге парламен мүшелері ат салысып видео материал дайындады. **Мақсаты:** 1. Оқушылардың жанұяға, ата — анаға, үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынастарын дамыту. 2. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір — бірімен үйлесімді қарым — қатынас жасай білуге үйрету. 3. Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық		

		пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт — дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу. Сонымен қоса «Алғыс айту» күнінің тарихы мен ерекшеліктері жайлы айтып, қала тұрғындарына арнап кішігірім қайырылымдық акциясын ұйымдастырды. 2023 жылдың наурыздың 8 күні «8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне» орай 7-8 сынып арасында қыз сыны өткізілді. Оқушылар өз өнерлерімен бөлісіп, мерекені барынша түрлендірді. 7 Д сынып оқушысы 1-ші орын алды. Іс-шараға мектебіміздің директоры қатысып барша оқушылар мен ұстаздарды, ата-аналарды мерекемен құттықтады.		

2023 жылдың 22 наурызында «Ұлыстың ұлы күні Әз-Наурыз» мерекесі.Аталмыш мерекеге орай мектебімізде мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке,

		ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Мерекеге орай «Тақия Фест» ұйымдастырылды.1-11 сынып оқушылары мен мұғалімдер мерекеге орай қазақша тақия киіп келді.Парламент мүшелері оқушылар мен мұғалімдерге фуршет ұйымдастырды.Іс – шара жоғарғы деңгейінде өтті. ГРАМОТА 2023 жылдың 10 сәуірінде Алматы қаласы білім басқармасының «Алматы дарын» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау мақсатында «Мектеп, колледж бір күн» атты челленджіне қатысып, «Түпнұсқа бейнеролик» номинациясы бойынша марапатталды. 2023 жылдың 25 сәуірінде «Халықаралық би» күні аясындағы республикалық флешмобқа қатысып, парламент мүшелері өз үлестерін қосты.		

2023 жылдың 1- мамыры Қазақстан халықтарының бірлік,ынтымақ күніне орай балалардың қарым-қатынасын жақсарту және психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Бейбітшілік -ел тілегі» челленджіне бастауыш сынып оқушылары қатысты.

2023 жылдың 30 мамыр күні "Балалық шақ әлемі қандай ғажап" Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған 2 күндік флешмобына қатысып оқушылар өз үлестерін қосты.

		Өзін-өзі басқару ұйымының 2023-2024 жылдық жұмысының есебі 2023 жылдың 1 қыркүйегі республика бойынша білім күні аталып өтілді. Бұл күні мектебімізде алғашқы қоңырау линейкасы өткізілді. Бұл күні мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жиынға барша мұғалімдер және ата-аналарда қатысты.		

2023 жылдың 25 қыркүйегінде Мектептің өзін – өзі басқару ұйымының жаңа мүшелерін сайлау өтті. **Мақсаты:**Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу. Мектебімізде алғашқы қоңырау салтанаты өткізілді. Аталған жиында мектебіміздің директоры: Аширбекова М.С. сөз алып, барша жиылған ата-аналар мен оқушыларды және ұлағатты ұстаздарды алғашқы білім күнімен құттықтады. Мектеп президентін де жаңадан сайлады. Биылғы мектеп президенті болып 2022-2023 оқу жылы Ақпарат фракциясына жауапты Бейсенбай Ағзер тағайындалды. Сонымен қатар, жаңадан екі фракция қосылып, фракция саны жалпы 9 болды.

1. Құқық және тәртіп фракциясы

2. Ақпарат фракциясы (мектептің баспасөз қызметі)

3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы

4. Дебат қозғалысының фракциясы

		5. Қайырымдылық фракциясы 6. Экология және еңбек фракциясы 7. Мәдениет және өнер (музыкалық, көркем шығармашылық) фракциясы 8. Ішкі істер фракциясы 9. Төтенше жағдайлар фракциясы. 2023 жылдың 2 қазанында «Дене сергіту» Республикалық челленджі Республикалық челленджге қатысып, оқушылармен бірге жаттығу жасап, дене сергіту сәтін өткіздік		

2023 жылдың 5 қазан күні мектебіміздің жоғары сынып оқушылары «Дублер күні» атап өтті. Мақсаты: мектептегі өзін - өзі басқару жұмысын жандандыру, түлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.Мектептегі оқушылардың өзін өзі басқару жұмысын жетілдіру оқушының көшбасшылық қасиеттерін жандандыру және білімі мен біліктілік дағдыларын дамытуға бағытталған «Дублер» күні ұйымдастырылды. «Дублер күні» қарсаңында мектеп әкімшілігімен ақылдаса отырып, сабақ кестесін, сынып жетекшілігі, мектеп әкімшілігі мен кіші қызметкерлер атқаратын міндеттерді бөлісті.

2023 қазан айының 24 күні 25 қазан «Республика күні» мерекесіне орай мектебімізде барлық оқушылар мен ұстаздар бірігіп флешмоб ұйымдастырды. **Мақсаты:** Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Қазақстан Республикасы гимні орындалып туымыз ортаға шығарылды. Мектебіміздің директоры Аширбекова М.С. жылы лебізін білдіріп баршамызды мерекемізбен құттықтады.

2023 қараша айының 11 күні «Күзгі бал 2023» мерекелік іс- шарасы өткізілді. Іс-шарада 8-9 сынып оқушылары бақ сынады. **Мақсаты:** Күз туралы балалардың дүниетанымындарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау. Қатысушылар өз өнерлерін көрсетіп, барынша өз бақтарын сынады. Күзгі балдың Ханзадасы мен Ханшайымы 8 «Б» сынып оқушылары атанды. Мерекеге атсалысқан

		барлық оқушылар силықтармен және мадақтама қағаздарымен марапатталды. 2023 жылдың қараша айының 14 күні «Аудандық слет» Мектеп президенттері мен өзін - өзі басқару ұымының мүшелеріне арналған аудандық слетта мектебіміздің президенті Бейсенбай Ағзер мен парламент мүшесі Болат Аружан қатысып, Бейсенбай Ағзер қалалық слетқа жолдама алды. Екі оқушымызда мадақтама грамоталарымен марапатталды. Ағзер баяндама, ал Аружан болса стенд қорғап, жақсы көрсеткіш көрсетті.		

2023 жылдың 8 желтоқсанында Қалалық слет. «Мен көшбасшымын» атты білім беру ұйымдарының мектеп және студенттер парламенттері көшбасшыларының қалалық слетіне мектеп президенті Бейсенбай Ағзер қатысты. **Слеттің мақсаты:** азаматтық қоғамды дамытуда қоғамдық өзін-өзі басқару органдарын – мектеп және студенттік парламенттерді дамыту және нығайту, қарым-қатынас жасау және тәжірибе алмасу үшін алаң құру. Слетте көптеген спикерлер өнер көрсетті.Бейсенбай Ағзер Медеу ауданы атынан шығып стенд қорғап, ауданымыздың мектеп парламенттерінің жұмыстарымен таныстырды. Қатысушылар сертификатпен марапатталды.

2023 жылдың 28 желтоқсанында «Жаңа жыл мерекесі» Биыл жаңа жыл мерекесін парламент мүшелері ұйымдастырды. Мектеп оқушыларына арнап әдемі кеш ұйымдастырып берді. Көңілді әуендер мен қызықты ойындар ойнатты. Мектебімізді де мерекеге орай әрлендірді.

		  2024 жылдың 10 қаңтары мектебімізде «Жас ұлан-Жас қыран» ұйымын құру күні болды. Мектебіміздің аға тәлімері Кенес А. Мен Елтай Ж. «Жас ұлан және жас қыран» балалар ұйымын құру мақсатында іс-шара ұйымдастырды.Бұл ұйымға бастауыш сынып және үлкен сыныптар арасынан іріктелген оқу үлгерімі жақсы оқушылар қабылданды.Аталған іс - шараға мектебіміздің директоры Аширбекова М.С. мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мұратбеков А.Т. қатысып балаларды ұйымға қабылдануымен құттықтап оларға галусток пен төс белгілерін табыстады. 2024 жылдың 27 қаңтар күні «Обьективте «Қауіпсіздік» акциясы бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектеп парламенті президенті мен ТЖ министрі барлық сыныптарға кіріп, қауіпсіздік жайында сұхбат жүргізді.		

2024 жылдың 30 қаңтарында «Жас ұлан» ұйымына Президент сайлауы өткізілді. Бұл іс -шара Дүниежүзілік сайлау күніне орай ұйымдастырылды. Сайлауға 9-10 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар өздері дайындаған баяндамаларын оқыды.

		2024 жылдың 15 ақпанында «Досbolike» акциясы. Акция қарсаңында мектеп парламенті мүшелері оқушылардан достыққа қатысты сұхбат алып, көңілді отмасфера силады. Арнайы видео материал дайындалды. 2024 жылдың 7 наурызында «8-Наурыз Халықаралық әйелдер күні» аталып		

		өтілді. Мерекелік іс-шарада төменгі және жоғары сынып оқушыларының дайындаған сахналық қойылымы мен концерттік бағдарламасын ұстаздар тамашалады. Аталмыш мерекеде мектебіміздің оқушылары концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Өз өнерлерін көрсетіп, әдемі кеш өткізді. 2024 жылдың 20 наурызында «Домбыра-челлендж» Мектебіміздің оқушылары домбыра челленджіне қатысты.		

		  2024 жылдың 22 наурызында «Ұлыстың ұлы күні Әз-Наурыз» мерекесіне орай оқушылардың қатысуымен концерттік бағдарлама өтті. Сонымен қоса мектеп оқушылары және де мектебіміздің ұстаздары Қазақтың ұлттық киімдерін киіп, ұлттық құндылығымызды дәріптеді. 2024 жылдың 15 сәуірінде «Таза Қазақстан» Республикалық экологиялық акция аясында Өзін өзі басқару ұйымыда ат салысты. Акцияға байланысты мектебімізде гүлдер, ағаштар отырғызылып, мектеп ауласына тазалық жұмыстары жүргізілді.		

		  2024 жылдың 01 мамырында «Қазақстан халқының бірлігі күні» Мерекеге орай мектебімізде керемет іс – шара ұйымдастырылды. Оқушылар әр ұлттың киімдерін киіп, өз құттықтауларын жолдады. 2024 жылдың 6 мамырында «Жеңіс күні» мерекесіне орай концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Балалар өз өнерлерін көрсетіп, елімізге жеңіс силаған батырларымыз жайлы ақпараттармен бөлісті.		

2024 жылдың 24 мамырында «Соңғы қоңырау» салтанатты іс шарасы өткізілді.Аталмыш іс-шарада мектебіміздің директоры Аширбекова М.С оқушылар мен ата-аналарды құттықтап,бітіруші түлектерге ізгі тілегін айтты.

		Өзін-өзі басқару ұйымының 2024-2025 жылдық жұмысының 1-жартыжылдық есебі 2.09.2024.Мектептің өзін – өзі басқару ұйымының жаңа мүшелерін сайлау өтті. Мектеп президентін де жаңадан сайлады. Биылғы мектеп президенті болып 2024-2025 оқу жылы мектеп президенті Болат Аружан болды. 1. Құқық және тәртіп фракциясы 2. Ақпарат фракциясы (мектептің баспасөз қызметі) 3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы 4. Қайырымдылық фракциясы 5. Экология және еңбек фракциясы 6. Мәдениет және өнер (музыкалық, көркем шығармашылық) фракциясы 7. Төтенше жағдайлар фракциясы Қыркүйек айында мектеп президентін сайлауы өтілді.Мектеп президенті Болат Аружан болып сайланды.		



Қазан айының 10 күні Мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» өтті. Мектебімізіде «Дублер күнін» атап өтуге байланысты 10-11 сынып оқушылары арасынан мектеп әкімшілігінің, пән мұғалімдерінің, т.б., жауапты жұмыстарды атқаратын оқушылар таңдалып, жоба бойынша жоспары жасалып, міндеттер жүктелді. Осыған орай оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында пән мұғалімдері жұмыс барысына өздері бақылау жүргізіп, оқушылардың талпынысына сәттілік тіледі. Осы жұмыс барысында оқушылар жаңа тәжірибе жинақтап, әрбір маманға тән коммуникативті дағдыларды бойыларына сіңіріп, болашақта үлкен маман иесі болуға құлшыныстарын, білім беру саласына деген қызығушылықтарын арттырды деп сенеміз. Қатысушылар өздеріне үлкен жауапкершілік жүктелгенін сезініп, мұғалімдік еңбектің маңызын түсінді.

Қазан айының 22 күні Мектебімізде «Республика күні» мерекесіне орай «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»тақырыбында пікірсайыс өтті. Оқушылар белсенді болды.

		Қараша айының 15 күні «Күзгі ал 2024» мерекелік іс- шарасы өткізілді. Іс-шарада 8-9 сынып оқушылары бақ сынады. Мақсаты: • Балаларды көркемдік шығармашылығын дамытуға ықпал ету, экологиялық мәдениетке, тазалыққа, табиғатты аялау; • Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани дамуына әсер ету; • Күз молшылық мезгілі. Сол арқылы балаларға еңбектің, молшылықтың қадірін түсіндіру болып табылады. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізілді: • «Үздік өлең»; (қатысушы «Күз береке бастауы» тақырыбында өзі жазған шығармасын ұсыну) • «Үздік сурет»; (қатысушы күз мезгіліне байланысты туындысын ұсынады) • «Үздік сән үлгісі»;(қатысушы күзге байланысты қалдық заттардан киім үлгісін көрсетеді) • «Үздік қолөнер» үй жұмысы; (қатысушы жеміс-жидектерден жасаған қолөнерін алып келеді) «Өнерлі өрендер» (ән,би, күй) Байқау қорытындысы бойынша үздік атанған оқушылар жүлделі орындарға ие болып, білім бөлімінің дипломдарымен марапатталды. Қатысушылар өз өнерлерін көрсетіп, барынша өз бақтарын сынады. Күзгі балдың Ханзадасы мен Ханшайымы 8 «А» сынып оқушылары атанды. Мерекеге атсалысқан барлық оқушылар силықтармен және мадақтама қағаздарымен марапатталды.		

		 Желтоқсан айының 12 күні «Жас ұлан-Жас қыран» ұйымын құру. Мектебіміздің аға тәлімері Кенес А. Мен Елтай Ж. «Жас ұлан және жас қыран» балалар ұйымын құру мақсатында іс-шара ұйымдастырды.Бұл ұйымға бастауыш сынып және үлкен сыныптар арасынан іріктелген оқу үлгерімі жақсы оқушылар қабылданды.Аталған іс - шараға мектебіміздің директоры Аширбекова М.С. мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мұратбеков А.Т. қатысып балаларды ұйымға қабылдануымен құттықтап оларға галусток пен төс белгілерін табыстады.		

		 Желтоқсан айының 28 күні «Жаңа жыл мерекесі» Биыл жаңа жыл мерекесін парламент мүшелері ұйымдастырды. Мектеп оқушыларына арнап әдемі кеш ұйымдастырып берді. Көңілді әуендер мен қызықты ойындар ойнатты. Мектебімізді де мерекеге орай әрлендірді.		

		 Желтоқсанның 13 күні мектебімізде 1-4 сыныптарға арналған «Шоколад күні» аталып өтті. Бұл іс-шараның мақсаты: Оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлау, бірін-біріне деген сүйіспеншліктерін арттыру, үлкенге деген құрмет пен ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында өткізілді.		



Құқықтық тәрбие беру бойынша атқарылған жұмыстар 2022-2025 жылдар

Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының маңызы мен жалпы сипаттамасы

Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары мектепте оқушылардың тәртібін сақтау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл шаралар мектеп қабырғасында тәртіпсіздік пен заңға қайшы әрекеттердің алдын алу арқылы оқушылардың дұрыс бағытта дамуына ықпал етеді.

Алдын алу шараларының негізгі мақсаттары:

1. **Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру** – заң талаптарын түсіндіру арқылы олардың жауапкершілік сезімін қалыптастыру.
2. **Мектепте қауіпсіз орта құру** – оқушылар арасында құқық бұзушылық, төбелес, ұрлық және басқа да теріс әрекеттердің алдын алу.

		3. **Жасөспірімдер қылмысының алдын алу** – оқушыларды зиянды әдеттерден (шылым шегу, есірткі, т.б.) сақтандыру және оларды пайдалы іс-әрекеттерге баулу. 4. **Тәрбиелік жұмыстарды жетілдіру** – отбасымен, мұғалімдермен және мектеп инспекторларымен бірлесіп жұмыс жүргізу. Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары: • **Құқықтық түсіндіру сабақтарын өткізу** – заңгерлер мен полиция қызметкерлерінің қатысуймен құқықтық сауаттылықты арттыру. • **Сынып сағаттары мен тәрбие жұмыстарын жүргізу** – құқықтық мәдениетті қалыптастыратын әңгімелер, тренингтер ұйымдастыру. • **Мектеп инспекторымен бірлесіп жұмыс істеу** – құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында үнемі бақылау жүргізу. • **Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру** – спорттық, мәдени және **Құқық бұзушылықтың алдын алу және басқада мәселелер** «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу» мақсатында жұмыстар жоспар бойынша жүргізілуде. Әр оқу жылының басында Алматы қаласы Медеу ауданы АІІ ЮПБ мен мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары жасалып бекітіледі. Бұл жоспар бойынша қыркүйек, қазан айлары 1-4 сыныптар арасында «Қауіпсіз жол», «Абайлаңыз балалар!» тақырыптары жоспар бойынша сынып сағаттары өткізілді. 5-8 сыныптар арасында «Құқықтық мемлекет дегеніміз не?», «Ғаламтор негізіндегі тиым салынған саиттар» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді. 7-9 сыныптар арасында «Өз-өзіне қол жұмсау», «Нашақорлық», «Алкаголдік», діни ағымдар сияқты қауіпті сайттарына кірудің алдын-алу тақырыптарында сынып сағаттарын өткізілді. Сынып жетекшілер адам өміріндегі қауіпті жағдаяттардың түрлі себептерін түсіндіріп қана қоймай, тығырықтан шығудың		

		жолдарында түсіндіре білді. Сонымен қатар 9-11 сыныптар бойынша «Жас жеткіншектердің қылмыстық іске баруы және олардың заң алдындағы жауапкершілігі» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Бұдан басқа да міндетті 1-11 сыныптарда «Құқықтық білім беру» бағдарламасы, 1-7 сыныптар арасында «Жолда жүру ережесі», 6-11 сыныптарда «ЖИТС» нің алдын алу» бағдарламалары бойынша сынып сағаттары өткізілді. Қыс мезгілінде жол қауіпсіздігін алдын алу шаралары мектеп инспекторлары Быкова И.А және Абусейтова А.С-мен бірге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. №98 ЖББМ КММ мектепкәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды. Сонымен қатар «Мектептің ішкі тәртіп ережесімен» таныстыру бойынша сынып жетекшілері оқушылар мен сабақтан тыс жұмыстар жүргізді. Мектепте аптасына 1 рет штабтың кезекті отырысында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі өткізілді. Оқушылардың сабақтан тыс уақытта немесе кешкі уақытта ата-анасының қарауынсыз көшеге шығу, құқықбұзушылықтың алдын-алу іс-шаралары бойынша мектеп әкімшілігі мен мектеп инспекторының қатысуы мен жиналыс өткізілді.		

		 Медеу ауданы АПБ қызметкерлерінің қатысуымен оқушылар арасында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын-алу мәселелері бойынша бір қатар мәселелер талқыланды және түсіндіру жұмыстары жүргізілді.		

		 Мектепте әр дүйсенбі сайын сынып сағатында қауіпсіздік сабағы өтіледі. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Медеу аудандық ювеналды полициямен біріккен іс-шаралар жоспары жасалды. Мектеп инспекторы, полиция майоры Быкова И.А мектеп білім алушыларымен кездесіп, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында әңгіме жүргізді. Әңгіме жүргізу барысында мектеп білім алушысының тәртібі, мектеп формасы туралы да айтылды.		

		 Мектеп инспекторының қатысуымен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық фактілерінің жиі орын алуына байланысты мектеп инспекторы арнай сыныптар мен жиналыс ашып, құқықбузышылықтың алыд-алу жөнінде оқушылар мен сұқбаттасты. Сұқбат барысында оқушылар өздерінің мазмалаған сұрақтарын жолдап, қажетті жауаптарын алды. Сонымен қатар, қыздар мен жеке жиналыс өткізу барысында қыздар арасында жиі орын алатын құқықбузышылық фактілеріне тоқтала келіп ерте жыныстық қатынастың салдарынан туындайтын ауыр жағдайларды атап өтті. Сонымен қатар, ерте жүктіліктің алдын-алу шараларын жүргізу бойынша мәселелер талқыланды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ыбышов Г.Д және Мұратбеков А.Т, мектеп психологі Пұшпақбаева А.Б, әлеуметтік педагог Талипова Ұ.Б бірлесіп мектеп оқушыларымен жиналыстар өткізуде.		

Мектепте жүргізілген құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының тімділігі
Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде бірқатар тиімді өзгерістер байқалды. Бұл шаралар оқушылардың тәртібін жақсартуға, олардың заңға бахыну деңгейин арттыруға және мектептегі жалпы ахуалды тұрақтандыруға оң ықпал етті.

Нәтижесінде жүзеге асқан тиімді шаралар:

1. Құқықтық сауаттылықтың артуы

- Оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін жақсы түсіне бастады.
- Заң бұзған жағдайда қандай жауапкершилік жүктелетинін білу арқылы тәртіп бұзу деңгейи азайды.

2. Мектептегі бақылау мен тәртіптің күшеюі

- Мектеп инспекторларымен бірлескен жұмыс нәтижесінде құқық бұзушылықтар дер кезинде анықталып, алдын алынды.

		○ Мектеп аумағындағы қауіпсиздік шаралары күшейтілді (бейнебахылау камералары, күзет қызметі, т.б.). 3. Оқушылардың бос уақытын тімді өткізуі ○ Түрлі спорттық және шығармашылық үйірмелердің ұйымдастырылуы нәтижесинде оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы белсенділігі артты. ○ Теріс ортаға түсіп кету қаупі төмендеді. 4. Ата-аналармен байланыстың нығаюы ○ Ата-аналармен тұрақты жиналыстар өткізіліп, балалардың мінез-құлқы мен тәртібін бақылау күшейтілді. ○ Оқушылардың мектеп пен отбасы арасындағы үйлесімді тәрбие алуына жағдай жасалды. Мектепшілік есепте 4 оқушы тұрады, мектептің ішкі тәртібін сақтамағаны үшін есепке алынды. Соның ішінде 2 оқушы 12.02.2024 күнінен бастап қойылды және 2 оқушыны 01.10.2024 күнінен бастап мектепшілік есепке қойылды. Қауіпті топтағы және сәтсіз жанұядағы мектеп оқушылары жоқ, үнемі оқушылармен құқықбұзушылықты алдын алу жұмыстары барысында бақылап отырамыз. **Қорытынды** Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары – оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және тәртіп бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған кешенді жұмыстар жүйесі. Бұл шаралар мектеп өмірінің әртүрлі салаларында жүзеге асырылып, оң нәтижелерін көрсетті. Алдын алу шараларының арқасында оқушылардың құқықтық мәдениеті қалыптасты,		

		заң талаптарын түсіну деңгейі артты, тәртіп бұзушылықтар мен буллинг оқиғаларының саны азайды. Сонымен қатар, мектептегі тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстар оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-аналармен тығыз байланыс орнату және құқық қорғау органдарымен бірлескен іс-шаралар өткізу сияқты жұмыстар құқық бұзушылықтың алдын алуда тиімділігін көрсетті. Бұл шаралар жасөспірімдердің теріс әрекеттерге бармауына, олардың дұрыс ортада тәрбиеленуіне және болашақта заңға бағынатын азамат болып қалыптасуына негіз қалады. Жалпы алғанда, мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары өз нәтижесін беріп, оқушылардың қауіпсіз ортада білім алуына және олардың жеке тұлға ретінде дамуына оң әсерін тигізді. Сондықтан бұл жұмыстарды үнемі жетілдіріп, жаңа тәсілдер енгізу маңызды болып қала береді.		